

"Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 24 қыркүйек N 945. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.24. N 1179 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, өтпелі кезеңде мемлекеттік реттеуді күшейту және нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бұрын "Легинвест" акционерлік инвестициялық компанияның құрамына енген, қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар мен акционерлік қоғамдар негізінде "Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ Компанияның құрамына енгізілген, бұрын құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға табыстайтын болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлендірілуіне қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататыннан басқалары, Компанияға берілсін.

3. "Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясы қызметінің негізгі мақсаты жеңіл өнеркәсіптің теңдестіріле дамытылуын жүзеге асыру, нарықты халық тұтынатын тауарлармен молықтыру, саланың ірі-ірі басым техникалық проблемаларын шешуді қамтамасыз ететін прогресті ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты жүргізу

деп анықталсын.

Компанияның атқарушы аппараты қайта құрылатын "Легинвест"

акционерлік инвестициялық компания тұрған алаңға орналастырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Легинвест" акционерлік инвестициялық компаниямен бірлесіп бір ай мерзімде құрылтай құжаттарын әзірлеу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 24 қыркүйектегі

№ 945 қаулысына

Қосымша

"Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясының

құрамына енетін кәсіпорындардың

Тізбесі

Семей өндірістік тоқыма-трикотаж бірлестігі

Аягөз жүн иіру фабрикасы

Ақмола жіп иіру-трикотаж комбинаты

Ақтөбе өндірістік трикотаж бірлестігі

Көкшетау тоқыма-галантерея фабрикасы

Рудный тігін-трикотаж фабрикасы

Петропавл тігін фабрикасы

Қостанай тігін фабрикасы

Ақтөбе тігін фабрикасы

Ақмола тігін фабрикасы

Беловод тігін фабрикасы

Георгиевка былғары комбинаты

Павлодар былғары зауыты

Орал мех комбинаты

Қарағанды аяқкиім фабрикасы

Қостанай аяқкиім фабрикасы

Ақтөбе аяқкиім фабрикасы

Семей былғары шикізаты зауыты

Орал былғары шикізаты зауыты

Павлодар былғары шикізаты зауыты

Жамбыл былғары шикізаты зауыты

Землячка атындағы Орал былғары зауыты

Қарағанды стандартталмаған жабдықтар, босалқы бөлшектер және техноаспаптар зауыты

Республикалық салалық есептеу орталығы
Көтерме сауда базалары бар "Қазлегснабсбытторг" ШЕБ
"АХБК-ОЗАТ" акционерлік қоғамы
"Ақ жіп" акционерлік қоғамы
"Қарғалы" акционерлік қоғамы
"Алматы кілем" акционерлік қоғамы
"Гея" шұлық бұйымдарын өндіру акционерлік қоғамы
"Қарағандыкиім" акционерлік қоғамы
Жамбылдағы "Сұлу" акционерлік өндірістік сауда фирмасы
"Абай тігін фабрикасы" акционерлік қоғамы
"Жамбылкожобувь" акционерлік қоғамы
"Жетісу" акционерлік фирмасы
"Тоқылмаған материалдар фабрикасы" акционерлік қоғамы
"Қыз Жібек" тігін фабрикасы" акционерлік қоғамы
"Салтанат" фирмалық магазині" акционерлік қоғамы
"Легпроект" акционерлік қоғамы
Талдықорған аяқкиім фабрикасы
"Легпром" ғылыми-техникалық инженерлік орталық
"Арман" акционерлік қоғамы